



Altyn Bank

Дочерний Банк China CITIC Bank Corporation Limited

**«Altyn Bank» АҚ
(«China CITIC Bank Corporation Limited» Еншілес Банкі)**

Қаржылық есептілік және Тәуелсіз аудитор есебі

31 желтоқсан 2025 жыл

Мазмұны

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржы жағдайы туралы есеп	1
Пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.....	4-5

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1 Кіріспе	6
2 Есеп саясаты туралы елеулі ақпарат.....	7
3 Елеулі жорамалдар мен белгісіздік көздері	9
4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу, жаңа есепке алу ережелерін түсіндіру.....	10
5 Ақша қаражаты және олардың баламалары	11
6 Туынды қаржы құралдары.....	12
7 Клиенттерге қарыздар.....	14
8 Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	34
9 Кредиттік мекемелердегі қаражат	37
11 Материалдық емес активтер.....	40
12 Басқа активтер	41
13 Басқа банктердің шоттары мен депозиттері.....	42
14 "Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек.....	43
15 Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	43
16 Басқа да міндеттемелер.....	45
17 Акционерлік капитал.....	46
18 Таза пайыздық кіріс	46
19 Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтермен және міндеттемелермен операциялар бойынша таза пайда/(шығын).....	47
20 Комиссиялық кірістер мен шығыстар	47
21 Шетел валютасымен операциялардан түсетін таза пайда.....	49
22 Жалпы және өкімшілік шығыстар.....	49
23 Акцияға пайда	50
24 Пайдаға салық	50
25 Болашақ кезеңдердің міндеттемелері және шартты міндеттемелер.....	52
26 Қаржы қаражаттарының әділ құны	55
27 Бағалау санаттары бойынша қаржы қаражаттарын ұсыну	57
28 Капиталды басқару	58
29 Тәуекелдерді басқару саясаты	59
30 Байланысты тараптармен операциялар	83
31 Сегменттер бойынша ақпарат	86
32 Усепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар	91



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

“Altyn Bank” Акционерлік қоғамы (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі) Акционерлерлеріне және Директорлар кеңесіне

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік “Altyn Bank” Акционерлік қоғамы (China Citic Bank Corporation Limited Еншілес банкі) (бұдан әрі - «Банк») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Банктің келесілерді қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржы жағдайы жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы пайда немесе зиян және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелер.

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептіліктің аудитіне қатысты Аудит қызметі туралы заңның этикалық талаптарына сәйкес және Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің қоғамдық мүдделі субъектілердің қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) Банкке қатысты тәуелсіз болып

табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының этикалық талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық.

Біздің аудиторлық тәсіліміз

Қысқаша шолу

Маңыздылық	Тұтастай алғанда Банктің қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылығы: 2,409,000 мың қазақстандық теңге, бұл 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы салық салуға дейінгі пайданың шамамен 5% құрайды.
Аудиттің негізгі мәселелері	<ul style="list-style-type: none">Клиенттердің кредиттері мен аванстары бойынша күтілетін кредиттік шығындарға провизияларды бағалаудың «Қаржы құралдары» 9 («ХҚЕС 9») халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес жүргізілуі.

Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың субъективті паймдауларына талдау жасадық, мысалы болжамдар жасау және табиғатынан белгісіз болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтитын маңызды бухгалтерлік бағалауларна. Басқа аудиттердегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау жүйелерін айналып өту қаупін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, орынсыз әрекеттердің салдарынан елеулі бұрмалану қаупін тудыратын бұрмалаушылық белгілерінің болуын бағалауды қарастырдық.

Біз аудит көлемін тобы пайдаланатын Банктің құрылымын және бақылау құралдарын ескере отырып, сондай-ақ Банк өз қызметін жүзеге асыратын саланың ерекшелігін ескере отырып, тұтастай алғанда қаржылық есептілік туралы өз пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмыстарды орындай алатындай етіп айқындадық.

Маңыздылық

Біздің аудит көлемін анықтауда маңыздылықты қолдануымыз әсер етті. Аудитте қаржылық есептілікте елеулі бұрмауланулар болмауына негізделген орынды сенімділікті басшылыққа алады. Бұрмалау алаяқтық немесе қателіктер нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтықта пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді орнаттық. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және егер болса (жеке және жиынтықта алынған) бұрмаланулардың тұтастай қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Тұтастай алғанда Банктің қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық

2,409,000 мың теңге.

Біз оны қалай анықтадық

салық салуға дейінгі пайданының 5%

Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі

Біз салыққа дейінгі пайданы маңыздылықтың базалық көрсеткіш ретінде пайдалануды таңдадық, өткені бұл Банктің қаржылық нәтижелерін бағалау үшін пайдаланушылар ең жиі қолданатын базалық көрсеткіш және жалпы қабылданған базалық көрсеткіші болып табылады деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері - бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Аудиттің негізгі мәселесі

Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді

Клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындарға («ККШ») провизияларды бағалаудың «Қаржы құралдары» 9 («ХҚЕС 9») халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес жүргізілуі.

Біз клиенттерге қарыздардың маңыздылығына байланысты, сондай-ақ ХҚЕС 9 қаржылық есептіліктің күрделі стандарты болып табылатындығын ескере отырып, осы салаға назар аудардық, ол КНШ-ты анықтау үшін айтарлықтай пайымдауды талап етеді.

Банк КНШ бойынша провизияларды бағалауды:

- жеке негізде (корпорация және шағын және орта бизнес);
- ұжымдық негізде (ипотекалық қарыздар, авто қарыздар, тұтынушылық қарыздар және кредиттік карталар).

Негізгі пайымдаулар бағыттарына мыналар кірді себебі өзгерістер материалды әсер етуі мүмкін:

- қарыздарды ХҚЕС 9 сәйкес кезеңдер бойынша бөлу;
- дефолт ықтималдығы, дефолт шығыны және тәуекел сомасының негізгі тәуекел параметрлерін бағалау үшін модельдерді болжамдау;
- Болашақ ақпаратты моделдеу;
- қаржылық есептіліктегі ашудың дәлдігі мен толықтылығы.

Қоса беріліп отырған қаржылық есептіліктегі 2,7 және 29-ескертпелерді қараңыз, онда есеп саясатының елеулі ережелері, маңызды бағалау мәндері мен пайымдаулары, сондай-ақ КНШ-ға байланысты тәуекелдерді бағалау, сондай-ақ клиенттерге кредиттер мен аванстар туралы ақпаратты ашу туралы ақпарат қамтылады.

КНШ-ны бағалау кезінде біз, басқалармен қатар, келесі аудиторлық процедураларды орындадық:

- біз ХҚЕС 9 талаптарына сәйкестігін бағалау үшін Банк әзірлеген КНШ есептеу әдістемелері мен модельдерін бағаладық. Біз процедураларымызды мыналарға бағыттадық: дефолтты анықтау, «несиелік тәуекелдің айтарлықтай өсуін» анықтау факторлары, несиелерді кезеңдерге бөлу және тәуекелдің негізгі параметрлерін бағалау;
- біз іріктеме негізінде корпоративтік және шағын және орта бизнес қарыз алушылары үшін КНШ резервін қарыз алушының тәуекел профилін, несиелік тәуекелді және макроэкономикалық ортаны ескере отырып, олардың орындылығын анықтау үшін жеке бағалау жүргіздік. Біз Банк қарыз алушылары ұшырайтын экономика мен салалардағы үрдістерді қарастырдық;
- біз КНШ-ға қатысты процестерді бақылаудың құрылымы мен операциялық тиімділігін бағалау және тестілеу жүргіздік. Бұған клиенттерге қарыздарды кезеңдерге бөлу, тәуекелдің негізгі параметрлерін есептеу (дефолт ықтималдығы, дефолт шығыны, тәуекел сомасы), деректердің дәлдігі мен толықтығы кірді;
- іріктеме негізде біз кластар бойынша сегменттеуді тексердік (корпоративтік, шағын және орта бизнес, ипотекалық қарыздар, авто қарыздар, тұтынушылық қарыздар және кредиттік карталар) және клиенттерге берілген несиелер мен аванстарды кезеңдерге бөлуді тексердік;
- деректердің сапасын іріктеп тексеру үшін біз бастапқы деректерді, соның ішінде несиелік портфельдермен, несиелік келісімдермен, кепілдік келісімдерімен және т. б. салыстыра отырып, КНШ есептеуінде пайдаланылған деректерді тексердік;
- тұтастай алғанда, біз Банктің болжамды ақпараттың КНШ деңгейіне әсерін бағалауды тексердік, атап айтқанда болжамды макроэкономикалық айнымалылардың (мысалы, инфляция деңгейі, базалық мөлшерлеме, мұнай бағасы, және валюта бағамдары) қолайлылығын бағаладық, кіріс деректерін сыртқы ақпаратқа салыстырдық және пайдаланылған модельдің орындылығын тексердік; біз ХҚЕС Бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес ашудың жеткіліктілігі мен орындылығын бағаладық.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың, қаржылық есептілікке жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Банкті таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Банктің қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;

- Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- тұтастай алғанда, қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз;

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы адамдарға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

**«Altyn Bank» АҚ («China CITIC Bank Corporation Limited» Еншілес банкі)
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылға қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін
жауапкершілік туралы басшылықтың мәлімдемесі**

«Altyn Bank» акционерлік қоғамының («China CITIC Bank Corporation Limited» Еншілес банкі) (бұдан әрі - «Банк») басшылығы ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес, 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және осы күні аяқталған жылға меншікті капиталдағы өзгерістерді шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауап береді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Басшылық келесі үшін жауап бермейді:

- Есеп саясатының қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз ету;
- Осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығы мен түсініктігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарын орындау пайдаланушылардың есептілікті түсінуі үшін қандай да бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Банк қызметінің қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Банктің қызметін таяу болашақта жалғастыру қабілетін бағалау.

Басшылық сондай-ақ келесі үшін жауапты болады:

- Банкте ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- Банктің мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күні Банктің қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәлдікте ақпарат беруге және қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Банк активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық ақылға қонымды ықтимал шараларды қабылдау; және
- Қаржылық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау.

Банктің 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі қаржылық есептілігін Басқарма мүшелері 2026 жылғы 2 наурызда мақұлдады.

Банк басқармасының атынан:

Байсынов М.Б.
Басқарма Төрағасы
2 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан




Каржаубеков А.Ж.
Бас бухгалтер
2 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан

**«Altyn Bank» АҚ («China CITIC Bank Corporation Limited» Еншілес банкі)
Қаржылық жағдай туралы есеп - 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**

Мың қазақстандық теңгемен	Ескерт.	31 желтоқсан 2025 ж.	31 желтоқсан 2024 ж.
АКТИВТЕР			
ҚР ҰБ-дағы міндетті резервтік талаптарды есепке алмағанда ақша қаражаттары және олардың баламалары	5	185,364,099	78,495,327
ҚРҰБ-дағы міндетті резервтік талаптар		63,809,874	18,479,556
Кредиттік мекемелердегі қаражат	9	44,443,420	32,122,645
Туынды қаржы құралдары	6	15,572	28,411
Клиенттерге берілген қарыздар	7	726,930,601	525,317,980
Құжаттық есеп айырысу бойынша дебиторлар	7	6,838,127	2,646,093
<i>Борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар:</i>			
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін бағалы қағаздар	8	257,442,822	242,233,341
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар	8	29,197,282	88,096,446
Ағымдағы салық активтері		964,017	453,509
Кейінге қалдырылған салық активтері	24	-	836,132
Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құралдар мен активтер	10	9,424,410	7,602,778
Материалдық емес активтер	11	1,643,871	1,604,829
Өзге қаржы активтері	12	5,710,043	3,657,701
Өзге активтер	12	781,529	897,198
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		1,332,565,667	1,002,471,946
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Туынды қаржы құралдары	6	25,906	81,578
Басқа банктердің шоттары мен депозиттері	13	35,426,266	6,364,242
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	15, 30	993,299,936	801,409,862
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	14	114,289,725	32,808,452
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	24	369,372	-
Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	25	339,041	1,210,044
Өзге қаржылық міндеттемелер	16	20,275,361	17,786,821
Өзге міндеттемелер	16	3,132,156	5,199,710
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		1,167,157,763	864,860,709
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	17	7,050,000	7,050,000
Қосымша төленген капитал	17	220,973	220,973
Бөлінбеген пайда		159,347,030	134,343,227
Басқа резервтер		(1,210,099)	(4,002,963)
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		165,407,904	137,611,237
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		1,332,565,667	1,002,471,946

Банк Басқармасының атынан бекітілді және қол қойылды:

Байсынов М.Б.
Басқарма Төрағасы
2 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан



Каржаубеков А.Ж.
Бас бухгалтер
2 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан

**«Altyn Bank» АҚ («China CITIC Bank Corporation Limited» Еншілес банкі)
Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп - бір жыл,
2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталды**

Мың қазақстандық теңгемен	Ескерт.	2025 ж.	2024 ж.
Тиймді пайыздық ставка өдісі бойынша есептелген пайыздық кірістер	18, 30	136,558,404	107,264,007
Пайыздық шығыстар	18, 30	(79,084,479)	(50,912,672)
Басқа да ұқсас шығыстар	18, 30	(149,075)	(83,185)
Таза пайыздық маржа және осыған ұқсас кірістер		57,324,850	56,268,150
Кредиттік шығындарға бағалау резерві	7	(4,156,127)	(6,975,646)
Таза пайыздық маржа		53,168,723	49,292,504
Комиссиялық кірістер	20, 30	6,572,495	4,980,948
Комиссиялық шығыстар	20, 30	(5,534,476)	(4,232,509)
Таза комиссиялық кіріс		1,038,019	748,439
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтермен және міндеттемелермен операциялар бойынша таза пайда/(шығын)	19, 30	1,827,332	(496,306)
Өзге де жиынтық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда		1,210,674	912,121
Шетел валютасымен операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі кірістер	21, 30	6,303,694	8,035,614
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен табыстар	21, 30	2,638,407	383,649
Басқа да кірістер		917,734	340,569
Басқа таза пайыздық емес кірістер		7,621,027	8,408,349
Жалпы және өкімшілік шығыстар	22, 30	(14,548,768)	(17,396,066)
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша және өзге де қызмет бойынша резервті қалпына келтіру	16	909,429	2,171,584
Пайыздық емес шығыстар		(13,639,339)	(15,224,482)
Салық салынғанға дейінгі пайда		48,188,430	43,224,810
Пайдаға салынатын салық бойынша шығыстар	24	(8,184,643)	(4,116,612)
Жыл ішіндегі таза пайда		40,003,787	39,108,198
Акцияға пайда - базалық және ажырасылған (теңге)	23	567,430	554,726
ТАЗА ПАЙДА		40,003,787	39,108,198
ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ШЫҒЫН)			
Кейіннен пайда мен залалдың құрамында жіктелуі мүмкін баптар:			
Өзге де жиынтық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің өділ құнының өзгеруінен таза пайда/(шығын)		3,945,402	(1,559,738)
Өзге жиынтық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша істен шығу немесе құнсыздану нәтижесінде пайдаға немесе залалға көшірілген кірістерді шегергендегі шығыстар		(1,210,674)	(912,121)
Кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелмейтін баптар:			
Негізгі құралдарды қайта бағалау		58,155	-
ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС/(ШЫҒЫН)		2,792,883	(2,471,859)
ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ		42,796,670	36,636,339

Банк Басқармасының атынан бекітілді және қол қойылды:

Байсынов М.Б.
Басқарма Төрағасы,
2 наурыз 2026 жыл,
Алматы қ., Қазақстан



Каржаубеков А.Ж.
Бас бухгалтер
2 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан

**«Altyn Bank» АҚ («China CITIC Bank Corporation Limited» Еншілес банкі)
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп-2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

Мың қазақстандық теңгемен	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Өзге де жиынтық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв	Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
31 желтоқсан 2023 ж.	7,050,000	220,973	(1,627,162)	96,058	112,235,047	117,974,916
Кезең ішіндегі таза пайда	-	-	-	-	39,108,198	39,108,198
Өзге де жиынтық шығын	-	-	(2,471,859)	-	-	(2,471,859)
2024 жылғы жиынтық кіріс жиыны.	-	-	2,734,728	-	39,108,198	36,636,339
Акционерлерге дивидендтер төлеу	-	-	-	-	(17,000,018)	(17,000,018)
31 желтоқсан 2024 ж.	7,050,000	220,973	(4,099,021)	96,058	134,343,227	137,611,237
Кезең ішіндегі таза пайда	-	-	-	-	40,003,787	40,003,787
Өзге де жиынтық пайда	-	-	2,734,728	58,155	-	2,792,883
2025 жылғы жиынтық кіріс жиыны	-	-	2,734,728	58,155	40,003,787	42,796,670
Акционерлерге дивидендтер төлеу	-	-	-	-	(15,000,003)	(15,000,003)
Негізгі қаржыларды қайта бағалаудан бөлінбеген пайдаға құн өсімін аудару	-	-	-	(19)	19	-
31 желтоқсан 2025 ж.	7,050,000	220,973	(1,364,293)	154,194	159,347,030	165,407,904

Банк Басқармасының атынан бекітілді және қол қойылды:

Байсынов М.Б.
Басқарма Төрағасы
2 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан



Каржаубеков А.Ж.
Бас бухгалтер
2 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан

«Altyn Bank» АҚ («China CITIC Bank Corporation Limited» Еншілес банкі)

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп - 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Еск.	2025 ж.	2024 ж. (Қайта қаралған деректер)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Алынған пайыздық кірістер:		138,662,210	99,906,710
Кредиттік мекемелердегі ақша қаражатынан және олардың баламаларынан және қаражаттан алынған пайыздар		6,782,773	5,349,370
Өзге де жиынтық кіріс арқылы өділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардан алынған пайыздар		17,652,826	11,517,835
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздардан алынған пайыздар		7,390,441	7,195,415
Клиенттердің қарыздары бойынша алынған пайыздар		106,836,170	75,844,090
Төленген пайыздық шығыстар:		(76,726,796)	(48,404,261)
Клиенттердің ағымдағы шоттары және депозиттері бойынша төленген пайыздар		(58,889,014)	(37,649,631)
Басқа банктердің шоттары мен депозиттері бойынша төленген пайыздар		(17,837,782)	(10,754,630)
Алынған комиссиялық кірістер		6,569,935	4,979,272
Төленген комиссиялық шығыстар		(5,536,831)	(4,243,838)
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржы қаражаттарымен операциялар бойынша түсімдер/(төлемдер)		1,827,332	(496,306)
Шетел валютасымен операциялардан түсетін түсімдер		6,303,694	5,980,672
Басқа да кірістер		636,150	213,371
Төленген басқа да жалпы және әкімшілік шығыстар		(16,687,357)	(14,850,903)
Төленген табыс салығы		(6,973,579)	(3,648,737)
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы		48,074,758	39,435,980
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруі			
Кредиттік мекемелердегі қаражат бойынша таза азаю		(10,800,396)	(8,572,463)
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша таза ұлғаю/(азаю)		12,838	(17,330)
Клиенттерге берілген қарыздар бойынша таза азаю		(195,679,018)	(147,132,015)
Құжаттық есеп айырысу дебиторлары бойынша таза (азаю) /ұлғаю		(4,323,333)	608,562
Басқа активтер бойынша таза азаю		(1,175,054)	(1,958,754)
Басқа банктердің шоттары мен депозиттері бойынша таза ұлғаю		27,840,633	642,012
РЕПО мәмілелері бойынша кредиторлық берешек бойынша таза ұлғаю/(азаю)		80,891,859	(33,407,886)
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша таза ұлғаю		183,911,959	125,115,955
Өзге міндеттемелер бойынша таза ұлғаю		136,395	2,870,691
Пайда немесе шығын арқылы өділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бойынша таза (азаю) /ұлғаю		(55,672)	73,298
Операциялық қызмет ақша қаражатының таза қозғалысы		128,834,969	(22,341,950)

«Altyn Bank» АҚ («China CITIC Bank Corporation Limited» Еншілес банкі)

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп - 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

Мың қазақстандық теңгемен	Еск.	2025 ж.	2024 ж. (Қайта қаралған деректер)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды өтеу және сату		179,012,780	167,354,024
Өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды сатып алу		(200,060,776)	(224,811,526)
Негізгі құралдарды сатып алу		(1,401,806)	(1,372,517)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		56,991	64,628
Материалдық емес активтерді сатып алу		(451,139)	(503,747)
Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды өтеу		58,708,939	83,139,526
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды сатып алу		(1,295,844)	(25,872,400)
Инвестициялық қызметтен/(пайдаланылған) таза ақша қаражаты		34,569,145	(2,002,012)
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Жалдау міндеттемелері бойынша негізгі борыш қаражатын өтеу		(399,624)	(356,640)
Төленген дивидендтер		(15,000,003)	(17,000,018)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(15,399,627)	(17,356,658)
Валюта бағамдары өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражатының шамасына есері		4,194,603	1,671,293
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза азаюы		152,199,090	(40,029,329)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	5	96,974,883	137,004,212
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	5	249,173,973	96,974,883

Банк Басқармасының атынан бекітілді және қол қойылды:

Байсынов М.Б.
Басқарма Төрағасы
02 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан



Каржаубеков А.Ж.
Бас бухгалтер
02 наурыз 2026 жыл
Алматы қ., Қазақстан

1 Кіріспе

«Altyn Bank» АҚ («China Citic Bank Corporation Limited» Еншілес банкі) (бұдан әрі - «Банк») осы қаржылық есептілігі 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды.

Altyn Bank АҚ («China Citic Bank Corporation Limited» Еншілес банкі) бастапқыда Қазақстан Республикасында (бұдан әрі - «ҚР») 1998 жылы «HSBC Банк Қазақстан» АҚ ретінде тіркелген. 2014 жылғы қарашада «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Банктің акционерлік капиталының 100% сатып алып, оның атауын «Altyn Bank» АҚ («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Еншілес банкі) етіп өзгертті. 2018 жылғы 24 сәуірде China Citic Bank Corporation Ltd. және China Shuangwei Investment Co., Ltd. Банктің акционерлік капиталының 60% бірлесіп сатып алды. Мәміле аяқталғаннан кейін Банк «Altyn Bank» АҚ («China Citic Bank Corporation Limited» Еншілес банкі) болып қайта аталды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің акционерлері: China Citic Bank Corporation Ltd (акционерлік капиталдағы үлесі - 50.1%), «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (акционерлік капиталдағы үлесі - 40%) және China Shuangwei Investment Co. Ltd. (акционерлік капиталдағы үлесі - 9.9%).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк China Citic Bank Corporation бақылауында болды. China Citic Bank Corporation - қытайлық банк, CITIC Limited мемлекеттік конгломератының еншілес құрылымы. CITIC Limited Қытай Халық Республикасы Үкіметінің бақылауында болды. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Тимур Құлыбаев пен оның жұбайы Динара Құлыбаеваның "АЛМЭКС" холдингтік тобы" АҚ арқылы бақылауында.

2015 жылы Банк Банктің жарияланған акцияларын мемлекеттік тіркеуді жүргізді және жарияланған жай акциялардың жалпы саны 220,500 жай акцияны құрады. 2025 және 2024 жылдар ішінде жаңа акциялар орналастырылмады.

Банк өз қызметін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі - ҚНРДА) 23.10.2024 жылғы № 1.1.114, № 3.3.254/46 лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Банктің негізгі қызметі қарыздар мен кепілдіктер беруді, аккредитивтер шығаруды, депозиттер тартуды, клиенттердің шоттарын ашуды және жүргізуді, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді, бағалы қағаздармен, шетел валютасымен және туынды қаржы қаражаттарымен операцияларды қамтиды. Банктің қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - ҚРҰБ) және ҚНРДА реттейді.

Банк «Қазақстан депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынатын салымдарды міндетті сақтандыру жүйесінің мүшесі болып табылады.

Банктің заңды мекенжайы: А05А1В9. Абай даңғылы, 109 «В», Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің Алматы, Астана, Атырау, Ақтау, Шымкент қалаларында алты филиалы (2024 жылғы 31 желтоқсанда: алты филиалы) және «Астана» халықаралық қаржы орталығында филиалы бар.

Банк өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

2025 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан экономикасы бұрынғысынша Ресей мен Украина арасындағы әскери іс-қимылдардан кейін қалыптасқан өңірдегі сауда мен логистиканың ерекшеліктерін қоса алғанда, санкциялар мен жаһандық сыртқы факторлардың экономикалық салдарының жанама ықпалына ұшыраған күйінде қалып отыр.

2025 жылғы қыркүйек - қазанда Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстанның егеменді кредиттік рейтингін «Тұрақты» болжамымен Ваа1 деңгейде растады, бұл орнықты фискалдық позицияны, салыстырмалы түрде төмен мемлекеттік борышты, едәуір резервтерді және экономиканың сыртқы күйзелістерге тұрақтылығын көрсетеді.

Экономиканың басты күшті жақтары берік сыртқы және бюджеттік баланстарды, фискалдық және ақша-кредит саясатының икемділігін, жинақталған резервтерді, сондай-ақ нақты ЖІӨ тұрақты өсуін қамтиды. Шикізат секторына жоғары тәуелділікті, мұнай мен мұнай конденсаттарына экспортты шоғырландыруды (бюджет пен экспорттық кірістердің едәуір үлесі) қоса алғанда, құрылымдық тәуекелдер, сондай-ақ инвестициялық санаттағы ұқсас елдермен салыстырғанда басқарудың институционалдық көрсеткіштерінің қалыпты деңгейі осы күштерге қарсы қойылады.

1 Кіріспе (жалғасы)

Осы есеп беру күніндегі жағдай бойынша ҚР ҰБ-нің ресми айырбас бағамы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 505.53 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 497.56 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 525.11 теңге).

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша инфляция деңгейі 2025 жылы біркелкі жоғары болды, жыл қорытындысы бойынша инфляция шамамен 12.3% құрады, бұл 2024 жылғы 8.6% деңгейінен жоғары. Қазақстан экономикасының өсуі 2025 жылы күшті болды: Дүниежүзілік банктің деректері бойынша ЖІӨ 2024 жылғы 4.8% салыстырғанда 6.5% құрады. Талдаушылар инфляцияның өсуі мен жеке тұтынудың баяулауына байланысты 2026 жылы ЖІӨ өсуінің салыстырмалы түрде 4.5% дейін баяулауын болжап отыр. Бұл үрдіс Орталық Азияның бүкіл өңіріне тән (Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан).

2025 жылғы 25 шілдеде ҚР ҰБ Басқармасы «Минималды резервтік талаптар (бұдан әрі – МРТ) мәселелері бойынша ҚР ҰБ Басқармасының кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулыны бекітті. Аталған шаралар ақша агрегаттарының артық өсуін төмендетуге, ақша-кредит саясатының трансмиссиясын жақсартуға мүмкіндік береді, бұл инфляциямен күрестің тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, банк секторын енгізілетін өзгерістерге бейімдеу мақсатында МРТ нормативтері бір жыл ішінде нысаналы деңгейлерге дейін кезең-кезеңімен ұлғайтылатын болады. Жаңа талаптар Банктегі МРТ қалдықтарының өдеуіне ұлғаюына әкелді. Бұдан бөлек, елдегі инфляцияны баяулату мақсатында ҚР ҰБ жыл басынан бастап базалық пайыздық мөлшерлемені 15,25%-дан жыл соңына қарай 18%-ға дейін көтерді.

Экономикалық орта Банктің қызметі мен қаржылық жағдайына өдеуі әсер етеді. Басшылық Банктің тұрақты қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдайды. Алайда, қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақтағы салдарын болжау қиын және басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы қаржы секторы Қазақстан Республикасындағы саяси, заңнамалық, салықтық және реттеушілік өзгерістердің ықпалына ұшыраған күйінде қалып отыр. Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақтылығының перспективалары елеулі дәрежеде Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ елдің саяси жүйесі шеңберінде құқықтық алаңды дамыту мен жетілдіруге, яғни Банктің бақылау аясынан тыс жағдайларға байланысты.

Басшылық барлық факторлардың өзгеру дәрежесі мен ұзақтығын болжай алмайды немесе олардың болашақтағы Банктің қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалай алмайды. Басшылық ағымдағы жағдайларда Банк қызметінің тұрақтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолданатынына сенімді. Қалыптасқан экономикалық жағдайдың болашақтағы салдарын болжау қиын болғандықтан, басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

2 Есеп саясаты туралы елеулі ақпарат

Осы қаржылық есептілік ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалған.

Осы қаржылық есептілік әділ құны бойынша қаржы қаражаттарын бастапқы тануға және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын негізгі құралдарды, қаржы қаражаттарын қайта бағалауға түзетумен тарихи құны бойынша есепке алу қағидаларының негізінде дайындалды. Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған есеп саясатының қағидалары төменде берілген. Осы қағидалар, егер өзгеше көрсетілмесе, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйектілікпен қолданылды.

Осы қаржылық есептілік Банкке кредит беретін немесе өз капиталын беретін инвесторлар болып табылатын негізгі пайдаланушыларға арналған. Осы қаржылық есептілікте негізгі пайдаланушылардың іскерлік және экономикалық қызмет туралы жеткілікті білімі болуына жол беріледі және ақпаратты тиісті түрде тексереді және талдайды. Кейде тіпті білетін және мұқият пайдаланушылар осы қаржылық есептілікте көрсетілетін күрделі экономикалық құбылыстар туралы ақпаратты түсіну үшін консультанттың көмегіне мұқтаж болуы мүмкін.

Осы қаржылық есептіліктің мақсаты басшылық негізгі пайдаланушылар үшін елеулі деп санайтын ақпаратты ғана ашу болып табылады. Басшылық елеулі ақпаратты маңызды емес ақпаратпен вуалдау арқылы осы қаржылық есептіліктің түсініктілігін төмендетпеуге тырысады. Тиісінше, есеп саясатының елеулі ақпараты ғана ашылады, тиісті жағдайларда ашылуы бар тиісті ескертулерде.

2 Есеп саясаты туралы елеулі ақпарат (жалғасы)

Өтімділік тәртібімен қаржылық жағдай туралы есептің баптарын ұсыну. Банкте нақты айқындалатын операциялық цикл жоқ және сондықтан Банк қаржылық жағдай туралы есепте айналымдағы және айналымнан тыс активтерді және ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерді жеке ұсынбайды. Оның орнына активтер мен міндеттемелер өтімділік тәртібімен ұсынылған. Күтілетін өтеу мерзімдері бойынша қаржы қаражаттарын талдау 29-ескертпеде келтірілген. Төмендегі кестеде 29-ескертпеде ұсынылған талдауға енгізілмеген баптар үшін есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай өткенге дейін немесе өткеннен кейін өтеуге немесе өтеуге күтілетін сомалар туралы ақпарат берілген.

Мың қазақстандық теңгемен	31 желтоқсан 2025 ж.			31 желтоқсан 2024 ж.		
	Төлеуге/өтеуге күтілетін сомалар			Төлеуге/өтеуге күтілетін сомалар		
	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін	Жиыны	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 ай ішінде	есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 айдан кейін	Жиыны
АКТИВТЕР						
Ағымдағы салық активтері	964,017	-	964,017	453,509	-	453,509
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	-	-	836,132	836,132
Негізгі қаражат	-	9,424,410	9,424,410	-	7,602,778	7,602,778
Материалдық емес активтер	-	1,643,871	1,643,871	-	1,604,829	1,604,829
Басқа да активтер	781,530	-	781,530	897,198	-	897,198
МІНДЕТТЕМЕЛЕР						
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	-	369,372	369,372	-	-	-
Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	339,041	-	339,041	1,210,044	-	1,210,044
Басқа да міндеттемелер	2,930,793	-	2,930,793	4,544,818	-	4,544,818

Қаржылық есептілікті ұсынудағы өзгерістер.

2025 жылы Банк ҚР ҰБ-дегі минималды міндетті резервтердің классификациясын қайта қарады және оларды қаржылық есептілікте ақша қаражаттары және олардың баламалары қатарына жатқызды, себебі аталған қаражаттарды пайдалану мүмкіндігі бар. Соған сәйкес, салыстырмалы деректер ақшаның қозғалысы туралы есепте түзетілді, өйткені бұрын көрсетілген қалдықтар операциялық ақша ағындарына кірген болатын. Қаржылық жағдай туралы есепте Банк оларды әлі де бөлек ашып көрсетеді, себебі олардың маңыздылығы елеулі болып табылады.

Мың қазақстандық теңгемен	Бастапқыда ұсынылған қаражат	Қайта жіктеу	Қайта жіктеуден кейінгі қаражат 2024 жылғы 31 желтоқсан
ҚРҰБ-да міндетті резервтік талаптарды таза азайту	(2,783,571)	2,783,571	-
Операциялық қызметтің ақша қаражаттарының таза қозғалысы	(25,125,521)	2,783,571	(22,341,950)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза азайту	(42,812,898)	2,783,569	(40,029,329)
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	121,308,225	15,695,987	137,004,212
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары	78,495,327	18,479,556	96,974,883

Қажет болған жағдайда салыстырмалы деректер ағымдағы жылдың нәтижелерін ұсынуға сәйкес келтіру үшін түзетілді. Жоғарыдағы кестеде қаржылық есептілікті ұсыну мақсатында 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаражаттарға қайта жіктеудің әсері көрсетілген.

3 Елеулі жорамалдар мен белгісіздік көздері

Есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған елеулі жорамалдар

Банк келесі қаржы жылында қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаға және активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына әсер ететін бағалаулар жүргізеді және жорамалдар жасайды. Бағалар мен пайымдаулар басшылықтың тәжірибесі және басшылықтың пікірі бойынша ағымдағы мән-жайлар тұрғысынан негізделген болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерді қоса алғанда, басқа да факторлар негізінде үнемі талданады. Есеп саясатын қолдану процесінде басшылық пайымдаулар мен бағалауларды да пайдаланады. Қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін пайымдаулар және нәтижелері келесі қаржы жылы ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын едәуір түзету болуы мүмкін бағалаулар мыналарды қамтиды:

Клиенттердің қарыздары бойынша күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

Клиенттердің қарыздары бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау-бұл бағалау әдістемесін, модельдерін және несие класына байланысты әр түрлі бастапқы деректерді қолданатын маңызды бағалау. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау әдістемесінің егжей-тегжейлері 29-ескертпеде ашылған. Келесі компоненттер несиелік шығындар бойынша бағалау резервіне айтарлықтай әсер етеді: дефолтты анықтау, несиелік тәуекелді едәуір арттыру критерийі, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырау және дефолт болған жағдайда шығын мөлшері.

Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы

Кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю фактісін анықтау үшін Банк есепті күнге қаржы құралының қолданылу мерзімі ішінде дефолттың басталу тәуекелін бастапқы тану күніне дефолттың басталу тәуекелімен салыстырады. Бағалау процесінде есепті күнге кредиттік тәуекелдің нақты деңгейі емес, кредиттік тәуекелдің салыстырмалы ұлғаюы қарастырылады. Банк бірқатар факторларды, оның ішінде нақты клиенттік портфельдердің мінез-құлық аспектілерін қоса алғанда, шамадан тыс шығындар мен күш-жігерсіз қол жетімді барлық негізделген және расталатын болжамды ақпаратты ескереді. Банк дефолт сәтіне дейін кредиттік тәуекелдің ұлғаюының мінез-құлық белгілерін және жеке құрал немесе портфель деңгейінде кредиттік тәуекелді бағалауға тиісті болжамды ақпаратты енгізуді айқындайды.

Бөлшек бизнес бойынша қарыздар үшін провизияларды макроэкономикалық жағдайларды ескере отырып, ұжымдық негізде есептеу регрессиялық талдау негізінде жүзеге асырылады. Банк жылына кемінде бір рет макроэкономикалық көрсеткіштерге байланысты өтулер коэффициенттерінің тәуелділігін анықтауға бағытталған регрессиялық талдау жүргізеді. Банк айырбастау бағамы, мұнай бағасы, металдар құны, базалық мөлшерлеме деңгейі, инфляция деңгейі, жылжымайтын мүлік құны сияқты өтулер коэффициенттеріне әсер ететін жалпыға қолжетімді макроэкономикалық деректерді пайдаланады, сондай-ақ банк секторындағы жағдайды, Банктің несие портфелінің сапасы мен динамикасын ескереді. Корпоративтік бизнес бойынша Банк дефолт ықтималдығын ҚҚШ сыртқы бағалау моделі негізінде айқындайтынын, сондай-ақ тіркелген дефолт жағдайлары санының аз екенін ескере отырып, қалыптастырылған статистикалық база макроэкономикалық факторлардың әсерін талдау үшін репрезентативті болып табылмайды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк макрофакторлардың дефолтқа әсерін анықтаған жоқ және 1-ге тең макро түзетуді қолданды (2024 ж.: Банк макрофакторлардың дефолтқа әсерін анықтаған жоқ және 1-ге тең макро түзетуді қолданды). 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт ықтималдығының 10% ұлғаюы күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің жиынтық сомасының 542,048 мың теңгеге ұлғаюына алып келер еді (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 453,315 мың теңгеге ұлғаю). 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт ықтималдығының 10% азаюы күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің жиынтық сомасының 515,741 мың теңгеге азаюына алып келер еді (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 452,094 мың теңгеге азаю).

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт жағдайында шығын мөлшерінің 10% ұлғаюы күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің жиынтық сомасының 1,648,191 мың теңгеге ұлғаюына алып келер еді (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1,483,671 мың теңгеге ұлғаю). 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт жағдайында шығын мөлшерінің 10% азаюы күтілетін кредиттік шығындар бойынша бағалау резервінің жиынтық сомасының _ 1,625,841 мың теңгеге азаюына алып келер еді (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 1,482,048 мың теңгеге азаю).

3 Бағалардағы елеулі жорамалдар мен белгісіздік көздері (жалғасы)

Жалдау мерзімін анықтау

Банк офистік ғимараттарды үшінші тұлғалардан жалға алады, егер тараптардың ешқайсысы екінші тарапқа шартты бұзу туралы хабарламаны болжамды бұзу күніне дейін 3-6 ай бұрын жібермесе, олар автоматты түрде ұзартылады. Банк жалға алынған мүлікті жақсарту, көшу құны немесе Банк қызметі үшін үй-жайлардың маңыздылығы сияқты экономикалық антистимулдарды қоса алғанда, олар бұзылған жағдайда салынуы мүмкін айыппұл санкцияларын ескере отырып, осындай шарттар бойынша мерзімінен бұрын бұзу құқығынсыз жалдау мерзімін айқындайды. Нәтижесінде ең маңызды кеңсе ғимараттарын жалдау мерзімі 4-5 жыл ретінде айқындалады.

Кредиттік міндеттемелер ретінде көрсетілетін орындау кепілдіктері.

Банк 17 ХҚЕС (IFRS) шеңберінде сақтандыру шарттарын айқындауға жауап беретінін бағалау үшін шығарылған орындау кепілдіктері бойынша келісімшарттарға талдау жүргізді. Банк осы келісімшарттарды ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес несиелік міндеттемелер ретінде және шығарылған кепілдіктердің түрі мен қысқа мерзімділігін ескере отырып, ХҚЕС (IFRS) 17 қолдану айтарлықтай сипатқа ие емес. Кредиттік міндеттемелер ретінде шығарылған және ескерілген орындалу кепілдіктерінің жалпы сомасы 37,533,747 мың теңгені (2024 жылғы 31 желтоқсан: 22,745,586 мың теңге) құрайды (25-ескертпені қараңыз) және қаржылық жағдай туралы есепте танылған тиісті міндеттеменің баланстық құны 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 103,307 мыңды құрайды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 32,062 мың). Осы орындау кепілдіктері бойынша танылған комиссиялық кіріс 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 778,057 мың теңгені құрады (2024 ж.: 638,335 мың теңге).

4 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарға көшу, жаңа есепке алу ережелерін түсіндіру

Келесі жаңа стандарттар мен түзетулер 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді:

- 21 (IAS) «Айырбастаудың шектеулі мүмкіндігі» ХҚЕС-ке түзетулер (2023 жылғы 15 тамызда шығарылған және 2025 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Жоғарыда көрсетілген түзетулерді қолдану қаржылық есептілікке елеулі әсер еткен жоқ.

2026 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын және Банк мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды.

- қаржы қаражаттарын жіктеу және бағалау талаптарына түзетулер - ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер (2024 жылғы 30 мамырда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 18 (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпарат беру және ашу» ХҚЕС (2024 жылғы 9 сәуірде шығарылған және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 19 (IFRS) «Жария емес еншілес компаниялар: ақпаратты ашу» ХҚЕС (2024 жылғы 9 мамырда шығарылған, 2025 жылғы 21 тамызда өзгертілген және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 14 (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоттары» ХҚЕС (2014 жылғы 30 қаңтарда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді) .
- ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулер - «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе жарна» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және ХҚЕС жөніндегі кеңес айқындайтын күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер - «Табиғатқа байланысты электр энергиясын жеткізуге арналған шарттар» (2024 жылғы 18 желтоқсанда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру (2024 жылғы шілдеде шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

Қазіргі уақытта Банк жоғарыда көрсетілген түзетулердің оның қаржылық есептілігіне қалай әсер ететінін бағалауды жүргізеді.

5 Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаты және олардың баламалары мынадай түрде берілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	31 желтоқсан 2025 ж.	31 желтоқсан 2024 ж. (Қайта қаралған деректер)
ҚРҰБ шоттар	114,821,436	28,831,529
Бастапқы өтеу мерзімі 30 күнге дейінгі корреспонденттік шоттар мен мерзімді депозиттер	68,541,890	47,491,536
ҚРҰБ-дағы міндетті резервтік талаптар	63,809,874	18,479,556
Кассадағы қолма-қол ақша қаражаты	2,000,773	2,172,262
Ақша қаражатының жиыны және олардың баламалары	249,173,973	96,974,883

Ақша қаражаты және олардың баламалары кассадағы ақша қаражатын, ҚРҰБ корреспонденттік және мерзімді шоттарындағы бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын бос қалдықтарды, кредиттік мекемелердегі бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын, қандай да бір шарттық міндеттемелерге ауыртпалық салынбаған қаражатты, сондай-ақ «кері репо» шарттарын қамтиды бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз. Ұсыну сәтінде үш айдан астам кезеңге пайдалану бойынша шектеулер бар қаражат қаржылық жағдай туралы есепте де, ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте де ақша қаражатының және ақша қаражаты баламаларының құрамынан алып тасталады.

Ақша қаражаты және ақша қаражатының баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары борыш пен пайыздардың негізгі сомасы есебіне төленетін төленетін төлемдерді ғана білдіреді және (ii) олар пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жатқызылмайды.

